**Бекітемін.** ____________

**Мектеп директоры Н.Балтабаев**

**«10» ............................ 2023жыл**

**2023-2024 оқу жылына арналған Науайы атындағы жалпы білім беретін мектебінің**
**педагог – психологінің құқықбұзушылыққа бейім оқушылармен атқарылатын жылдық жұмыс жоспары**

| № р/с | Іс-шаралар | Жұмыстүрлері | Нысанаталы топ | Орындау мерзімі | Ескерту | Есептілік нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **I. Диагностикалау** | | | | | |
| 1 | 5-8 сыныптары оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыстар | « Менің отбасым» эссе «Бестерек» жобасы бойынша | 5-8 сыныптар | Қыркүйек | | Анықтама |
| 2 | 9-11 сыныптары оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыстар | « Менің ең жақын досым» эссе бестерек жобасы | 9-11 сыныптар | қыркүйек | | Анықтама |
| 3 | Жоғары сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары | Анонимді сауалнама | 8-11 сыныптар | қазан | | Анықтама |
| 4 | 5-11 сыныптары оқушыларына «Бестерек» жобасы бойынша проективті әдіс | «Үй. Адам. Ағаш» проективті әдіс (авторы Дж. Бук) | 5-11 сыныптар | Қыркүйек-қазан | | Анықтама |
| 5 | Оқушылардың мазасыздануын анықтау | Филлипс әдістемесі | 5- сыныптар | қазан | | Анықтама |
| 6 | Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы зорлық- зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыстар | Э.Г.Эйдемиллер «Отбасылық қобалжу»анықтау әдістемесі | 9-11 сыныптар | қараша | | Анықтама |
| 7 | Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы діни экстримизмнің алдын алу бойынша жұмыстар | Діни экстримизмнің алдын алу бойынша сауалнама | 9-11 сыныптар | желтоқсан | | Анықтама |
| 8 | Жоғары және орта буын оқушыларының | Өз агрессияңды басқара | 5-11 сыныптар | ақпан | | Анықтама |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | агрессия деңгейін анықтау жұмыстары | аласың ба? Сауалнама | | | | |
| 9 | Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар | «Өлімжеттік не екенін білесің бе?» видеоролик | 5-11 сыныптар | Қараша | | Хаттама |
| 10 | Жоғары және орта буын оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыстар | Өз көңіл-күйіңді қалай басқаруға болады? Видео ролик | 5-11 сыныптар | қараша | | Хаттама |
| 11 | Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыстар | «Жақсылық жақсылықпен қайтады» видеоролик | 5-11 сыныптар | желтоқсан | | Хаттама |
| 12 | Зорлық зомбылықтың алдын алу бойынша ата-аналармен жұмыс | «Балаңызбен дос сырлас бола білесіз бе?» Видео ролик | 5-11 сыныптар | желтоқсан | | |
| 13 | Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы діни экстримизмнің алдын алу бойынша түзету-дамыту жұмыстары | Кеңес беру, видео роликтер, жадынамалар | 5-11 сыныптар аралығы | ақпан | | Хаттама |
| 14 | Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы аутоагрессияның алдын алу бойынша жұмыстар | « Сезімімнің ішкі әлемі» тренинг | 5-11 сыныптар аралығы | наурыз | | Хаттама |
| 15 | Жоғары және орта буын оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыстар | «Сен агрессияңды қалай женесің» видео ролик | 5-11 сыныптар аралығы | сәуір | | Хаттама |
| 16 | Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жұмыстар | «Ерте жүктіліктің жасырын жақтарын білесің бе?» видео ролик | 8-11 сынып қыздары | қараша | | Хаттама |
| 17 | Зиянды әдеттерге әуес болудың алдын алу, болдырмау бойынша жұмыстар | «Зиянды әдет-қоғамдық дерт»видео ролик | 8-11 сынып ұлдары | Жыл бойы қажеттілігіне | | Хаттама |

# Хаттама

2023 жыл 22 желтоқсан күні Науайы атындағы жалпы білім беретін мектептің ішкі істер бөлімінің полиция инспекторы Аитишов Фархат , Науайы атындағы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері мен оқушыларының қатысуымен «Жас өспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кеңейтірілген жиналыс болып өтті.

Жиналыс төрағасы Н.Балтабаев
Хатшысы Г.Умиралиева
Қатысқандар саны жалпы 97 адам.

## Күн тәртібі:

Жас өспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу үшін атқарылатын іс шаралар.
**Хабарламашылар:** Науайы атындағы жалпы білім беретін мектеп директорының тәрбие істері жөніндегі орынбасары М.Нутиллаев

**Тыңдалды:** С.Розметов «Адамға бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деп ұлы ғалым Әл-Фараби айтқандай тәрбие халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжрибесі мен қасиеттері.

Құқық бұзушылыққа бейім балалармен жұмыс және тәртіп бұзушылықтың алдын-алу мәселелесі қазіргі мектеп әріптестерінің ішіндегі маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын ойшылдары мен зерделі зиялылардың толасыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсірген ізгі мұрат екені даусыз.

## Шығып сөйлеушілер:

1. Ішкі істер бөлімінің полиция инспекторы Аитишов Фархат: Қазіргі уақытта біздің ең негізгі басты мәселелеріміз – ол жасөспірім тағдырының қиындығы, яғни құқық бұзушылыққа бейім балалардың тәрбиесі. Құқық бұзушылыққа бейім балалармен жұмыстың негізгі мәселелері. Баланың жеке басының қасиеттерін ескере отырып, оны адамгершілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу және өз Отанын құрметтеуге, сүюге баулу, еңбекке және қоғамдық жұмыстарға қатыстыра отырып жеке дара тұлға қалыптастыру.

2. Науайы атындағы жалпы білім беретін мектеп директоры Н.Балтабаев: Ұлттық тәлім-тәрбиенің жетістіктерін кең түрде пайдаланбауымыздың салдарынан жастар арасында мейрімсіздік, ізгілік, адамгершілік нормаларының ауытқушылық, кісілік қасиеттер төмендеп кеткенін аңғаруға болады.

Тәрбие сағаттарын ата-аналармен бірлесе өткізген жөн. Жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу қоғам алдындағы борышы екенін ескере отырып «Әке көрген оқ жонар», «Анаға қарап қыз өсер» тақырыптары секілді тәрбие сағаттарының өткізілуіне мән беру керек.

Халық «Тамшыдан – теңіз, сабақтан – мая, дәннен - төбе», - дейді. Міне қашан әрбір ата-ана мектепте қандай да болса бір істі бар ықыласымен орындауды өздеріне парыз деп санаса, оқушылар арасында құқық бұзушылық көріністері тосқауыл болар еді.

Бала өзін-өзі адам ретінде көрсетуіне жағдай жасап, өзгелерге жақсылық, қайырымдылық жасау оның да қолынан келетінін ұғындырып отырған жөн.

Бала тәрбиесінде бірінші кезекте мұғалім, отбасы бірігіп жұмыс істеу керектігін айтып сөзін қорытындылады.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1. Ауданның құқық қорғау органдары, мектеп ата-аналар комитетінің «Жас өспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбындағы Науайы атындағы жалпы білім беретін мектеп өткізілген басқосу көпшіліктің көңілінен шыққандығы ескеріліп, алдағы уақыттарда айтылған сын ескертпелермен талап тілектер басшылыққа алынсын.
2. Қазіргі кезде өзекті мәселе болып тұрған оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары алдағы кездерде де оқушылар мен ата-аналар арасында кеңінен насихатталып, нақты тәрбие шаралары жүргізілсін.

**Жиналыс төрағасы** **Н.Балтабаев**
**Хатшысы** **Г.Умиралиева**

Науайы атындағы жалпы білім беретін мектептің 6 «В» сынып оқушыларына жүргізілген Үй, Адам, Ағаш тақырыбында проскивті әдісінің жүргізіліу жұмысының

АНЫҚТАМАСЫ

2023-2024 оқу жылының қазан айында педагог-психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

Сыныбы: 6 сынып оқушылары

Тақырыбы: «Үй, Адам, Ағаш» проективті әдіс

Мақсаты: тұлғаның эмоциясын, кейбір аспектілері мен жасырынып жатқан дүниесін ашу.

Нұсқау: үй, адам, ағаш суретін салу

Оқушылардың назарына: Проективті әдістеме еркін түрде жүргізілу қажет.

Жұмыс барыс: Науайы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 6 «А» сынып оқушыларына Бестерек жобасы аясында «Үй, адам, ағаш» тақырыбында проективті әдіс жүргізілді

Қорытынды: Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде 6 «В» сынып арасынан 16 оқушы қатысты. Барлық оқушылардың отбасылық жағдайы жақсы. Отбасында бала тәрбиесіне көңіл бөлінеді. Еш бір оқушыдан отбасылық мазасыздық анықталмады.

Ұсыныс: Сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болып, баланың жіберген қателіктерін ескертіп отыру қажет.

Педагог-психолог: Қ. Сұлташ



Менің достарым!

Менің достарым көп! Сол үшін Аллаға шексіз шүкір етемін. Менің достарым - менің қанаттарым. Достарым деп өзімнің сыныптастарымды айтар едім. „7 жылдан көп дос болу - бұл мәңгілік дос болу" дейдігой! Біздің дос болғанымызға 9 жыл болды. Біз мәңгілік дос болып қаламыз. Осы достығымыздың, бірлігіміздің арқасында көптеген нәтижелерге жеттік. Әлі де жетеміз!

Шынайы дос бола білу бұл - бақыт. Себебі: арғы дүниеде достардың біреуі жәннатқа, біреуі жаһаннамға кірмейді. Бір-бірімен шынайы дос болса жәннатқа кіреді. Дос деген сөздің өзі қандай көркем, қымбат сөз! Шынайы дос болу қандай бақыт.

Көп адамдар қыз бен жігіттің арасында достық болмайды деп есептейді. Әлі мен олай ойламаймын. Дос бола алмағандар солай айтады. Мен ұл баламен дос бола аламын. Және де менің ұл достарым бар. Олармен дос болғаныма да өте көп болды. Біз мәңгі адал дос болып қаламыз!

Достарым мен үшін бір-мен қымбат!

Науайы атындағы жалпы білім беретін мектептің 9 «А» сынып оқушыларына жүргізілген Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жұмысының

АНЫҚТАМАСЫ

2023-2024 оқу жылының қазан айында педагог-психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

Сыныбы: 9 « А»  сынып оқушылары

Тақырыбы:  «Менің жан досым» тақырыбында эссе
Мақсаты:  9 «А» сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.

Оқушылардың назарына:  Проективті әдістеме еркін түрде жүргізілу қажет.

Жұмыс барысы:  Науайы атындағы жалпы білім беретін мектебіне 9 «А» сынып оқушыларына Бестерек жобасы аясында «Менің жан досым» тақырыбында эссе жазылды 9 «А» сынып оқушылар жалпы 22 оқушы бар. Қатысқаны  17  оқушы.

Қорытынды:  Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде барлық оқушылардың достарымен достық қарам қатынастары жақсы. Еш бір оқушыда келеңсіз жағдай орын алмады.

Ұсыныс. Сынып жетекшілер ата-аналар мен тығыз байланыста болып, баланың жіберген қателіктерін ескеріп отыруы қажет.

Педагог психолог :  Қ.  Сұлташ

